



Jergilikti bilik



ӘКІМ БОЛ – ХАЛҚЫҢА ЖАҚЫН БОЛ

Өңірде барлық деңгейдегі әкімдердің форумы өтіп, онда бас қосқан ауыл, аудан, қала басшылары он айда атқарылған жұмыстардың қорытындысын шығарып, түйінді мәселелерді талқыға салды. Форумның практикалық бөлімінде әкімдер креатив орталығында өткен шеберлік сабағына қатысып, ЖИ бойынша білімдерін жетілдіріп, сарапшылардың жаңа технологияны жұмыс барысында пайдалану туралы дәрісін тыңдады.

Форумның пленарлық отырысын ашқан өңір басшысы Ғауез Нұрмұхамбетов ауылдарды дамытып, жаңа жұмыс орындарын ашып, кәсіпкерлікті қолдау әкімдер үшін жұмыстың негізгі бағыты екенін атап өтті.

«Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту, инновацияларды кеңінен енгізу, инвестиция тарту, кадрлық әлеуетті нығайту жұмыстары үздіксіз жалғаса беруі керек. Өңірдің әлеуеті тек экономикалық көрсеткіштермен емес, цифрландыру деңгейімен де

өлшенеді. Мемлекет басшысы елімізді цифрлы мемлекетке айналдыру туралы нақты тапсырма жүктелді. Сондықтан біз жаңа өзгерістерге жылдам бейімделіп, ұйымдасқан түрде жұмыс істеуіміз керек.

(Жалғасы 2-бетте)

Äkimmen äñgime



«АУЫЛДАРДА АВТОБУС ҚАТЫНАСЫ ЖОҚ»

→ 4

Tolğandyrar taqyryp



ҚОРҒАНСЫЗДЫҢ КҮЙІ

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты БҰҰ жариялаған деректер жаға ұстатады. Әлемдегі әр үшінші әйел ең жақын адамының қысымына ұшырайды екен. Дүниежүзінде әр минут сайын бір әйел күйеуінің қолынан қайтыс болады. Бұл сандарды айту оңай болғанымен, арғы жағына үңіліп, себебін тауып, сырын ұғу өте қиын. Бойындағы күш-қуатын шаңырақтың шаттығы үшін емес, әлсіз адамға қолын батырып, сокқыға жығуға жұмсап жүрген еркектердің кесірінен сан мыңдаған әйелдің денсаулығына зақым келіп, қорғансыздың күйін кешіп жүр. Үлкендердің қабағын бағып, жәуендей қарап, жас етіне таяқ тиіп, есеймей жатып өмірдің азабын көрген балалар каншама?

(Жалғасы 10-бетте)

Oqyrman saualyna – jedel jauap



ЖОҒАРЫ НАГРАДА АЛҒАНДАРҒА ЖӘРДЕМАҚЫ ТӨЛЕНЕ МЕ?

Петропавл қаласының тұрғыны Елдос Уәлиханов редакцияға: «Республика күні қарсаңында 45 жылға жуық уақыт бойы механизатор болып еңбек еткен Мұрат Қаражұмановқа мемлекетіміздің ең жоғары наградасының салтанатты жағдайда тапсырылғанына жерлесі ретінде қуанғандардың бірімін. Осы марапатты иеленгендерге мемлекет тарапынан арнаулы жәрдемақы тағайындала ма?» – деген сауалын жолдапты. Сұраққа Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитеті облыстық департаменті зейнетақы және әлеуметтік қамтамасыз ету бөлімінің жетекшісі Ботагөз Қожағұлова жауап берді.

(Жалғасы 5-бетте)

Баспасөзге jazylu – 2026

«Soltüstik Qazaqstan» газетіне 2026 жылдың I жартыжылдығына жазылып, iPhone ұтып ал!

“Қазпошта” АҚ
арқылы – 6 айға
(индекс 65445)

Редакция арқылы –
6 айға (жеткізу
қызметінсіз)

kaspi.kz қосымшасы
арқылы

Жеке тұлғалар
үшін – 4411,44 теңге

Жеке тұлғалар
үшін – 2216 теңге

Кәсіпорындар үшін –
7423,76 теңге (қала)
5049,44 теңге (ауыл)

Кәсіпорындар
үшін – 2854 теңге



Жазылу кезеңі мен
мекенжай бағанын
толтырып, көрсетілген
соманы төлеңіз.



Ұтысқа қатысу үшін түбіртеккі 87011054622 нөміріне (WhatsApp) жолдау қажет.
Мекенжайымыз: Петропавл қаласы, К.Сүгішев көшесі, 7. Анықтама телефоны: 87011054622.

ЖАҢА БАНКНОТАНЫҢ ҚОРҒАНЫШ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

Қазақстан Ұлттық банкі (бұдан әрі – ҚҰБ) 2025 жылғы 28 наурыздан бастап номиналы 1000 теңгелік жаңа банкнота айналымға шығарылғанын еске салады.

Бұл — «Сақ стилі» сериясымен шыққан төртінші банкнота. Ол дәстүрлі қазақ орнаментінің бастау көзі саналатын «Сақ стилінің» элементтеріне негізделген және ел мұрасы — көшпенділердің бірегей мәдениетінен қазіргі Қазақстанға дейінгі тарихын бейнелейді.

ҚҰБ шынайы банкноталарды жалған ақшадан әр адамға өз бетінше ажыратуға көмектесетін қарапайым ережелер бар екенін еске салады және 2025 жылғы үлгіде шыққан жаңа дизайндағы 1000 теңгелік банкноталардың қорғаныш элементтерін ұсынады. Осы әдіс банкноталардың түпнұсқасын анықтауға мүмкіндік береді.

Ақша белгісінің қорғаныш элементтері туралы

Банкнотада рельефті қалыптастыратын — **алтын интаглио** арнайы баспа тәсілі қолданылған. Қазақстан Республикасының елтаңбасы алтын металл бояудың жоғары берділі қабатымен басылған.



Банкнотаның бет жақ шеттерінде шығыңқы, жоғары рельефті элементтер бар. Олар қолмен ұстағанда жақсы сезілетін — **көру қабілеті нашар адамдарға арналған белгі**.



Банкнота бетінде үзік-үзік түрінде **екі түсті қорғаныш жіп** те бар. Жарыққа тосқанда ол біртұтас жіп ретінде анық көрінеді. Банкнотаның көлбеу бұрышы өзгерген кезде көк және қызғылт-сары түстердің өзара әсерінен пульсация түрінде динамикалық эффект пайда болады.



Сонымен қатар банкнотаның бет жағында артефакттың жарқыраған алтын бейнесі

түрінде **патч** голографиялық қорғаныш элементі орналасқан. Банкнотаны аударып қараған кезде номиналдың цифрлық кескіні ою-өрнекке ауысқанын байқауға болады.



Банкнотаның екінші бетінде артефакттың көлемі бейнесін көрсететін **спарк** элементі орналасқан. Банкнотаның көлбеу бұрышы өзгерген кезде спарк түсі алтыннан нефрит түсіне өзгереді.



Кейбір жекелеген көркем элементтер банкнотаға алтын түстес жылтырағы бар арнайы — **иридисцентті бояумен** басылған.



Локальды су белгісінің қорғаныш элементі — **электротип**. Жарық түскенде номиналдың бейнесінен тұратын электротип белгісі анық көрінеді.



Номиналы 1000 теңгелік банкноталардың қорғаныш элементтері туралы ақпараттық материалмен мына сілтемелерге өтіп танысуға болады: <https://nationalbank.kz/kz/news/zashchitnye-elementy-na-banknotah-nacionalnoy-valyuty---tenge>, <https://www.youtube.com/watch?v=AJuKWstEj5E>.

Данияр МАЕКЕНОВ,
«Қазақстан Ұлттық банкі Солтүстік Қазақстан филиалы, экономикалық талдау және статистика бөлімінің жетекшісі маманы-экономисі»

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Зерттеу СК» ЖШС «Зерттеу СК» ЖШС бетон бұйымдарын өндіру кәсіпорны үшін ықтимал әсерлер туралы есеп материалдары бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Учаскенің координаттары: 1-54°52'03»N 69°10' 57 «E, 2-54°52' 02 «N 69°11 '16»E, 3-54°51 '51»N 69°11'13»E, 4 - 54°51'52»N 69°11'01» E.

Күні, уақыты: 15.12.2025. сағат 15:00-де.

Өтетін орны: СҚО, Петропавл қ., Сәбит Мұқанов к-сі, 50-308.

Интернетке қосылу сілтемесі:

<https://teams.live.com/join/9341084603001?p=Q8BLLsciE9RdsZzDak>, жиналыс идентификаторы: 9341084603001, құпия сөз: 7wd2dM.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Жоба материалдарына тапсырыс беруші: «Зерттеу СК» ЖШС, тел.: +7 705 756 2211, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қ., Ленинград к-сі, 116-құрылыс, БСН: 021140006937, ntsaziya@mail.ru.

Құжаттаманы әзірлеушінің атауы: «NORDECOCONSULT» ЖШС, тел.: +7 705 800 23 63, Петропавл қ., Сәбит Мұқанов к-сі, 50-308. БСН: 090240009780, vibatalov@yandex.ru (көрсетілген байланыстар бойынша қоғамдық тыңдау күніне дейін 3 күннен кешіктірмей сұрақтар қоюға болады).

Жоба бойынша құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat?lang=ru> ЖАО сайтында «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған.

Мүдделі жұртшылық өз ескертулері мен ұсыныстарын жіберетін жергілікті атқарушы орган: «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ, Петропавл қ., Парковая к-сі, 57в, тел.: 8(7152)533638, dpr@sko.gov.kz.

Конференцияға қосылу және қосымша ақпарат алу мәселелері бойынша +7 (777) 1791052 телефонны бойынша хабарласуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау үшін жергілікті атқарушы органның электрондық пошта мекенжайы: dpr@sko.gov.kz.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Зерттеу СК» уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по материалам: Отчет о возможных воздействиях для предприятия по производству бетонных изделий ТОО «Зерттеу СК».

Координаты участка: 1 - 54°52'03»N 69°10'57»E, 2 - 54°52'02»N 69°11'16»E, 3 - 54°51'51»N 69°11'13»E, 4 - 54°51'52»N 69°11'01»E.

Дата, время: 15.12.2025 в 15:00.

Место проведения: СҚО, г. Петропавловск, ул. Сабит Муканова, 50-308.

Ссылка для онлайн подключения:

<https://teams.live.com/join/9341084603001?p=Q8BLLsciE9RdsZzDak>, идентификатор собрания: 9341084603001, пароль: 7wd2dM.

Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Заказчик материалов проекта: ТОО «Зерттеу СК», тел.: +7 705 756 2211, Северо-Казахстанская область, г. Петропавловск, ул. Ленинградская, строение 116, БИН: 021140006937, ntsaziya@mail.ru. Наименование разработчика

документации: ТОО «NordEcoConsult», тел.: +7 705 800 23 63, г. Петропавловск, ул. Сабит Муканова, 50-308. БИН 090240009780, vibatalov@yandex.ru (задать интересующие вопросы можете по указанным контактам не позднее 3 дней до даты общественных слушаний).

Документация по проекту размещена на <https://ndbecology.gov.kz/> и сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat?lang=ru> в разделе «Общественные слушания».

Местный исполнительный орган, которому заинтересованная общественность направляет свои замечания и предложения: КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Северо-Казахстанской области», г. Петропавловск, ул. Парковая, 57в, тел.: 8(7152)533638, dpr@sko.gov.kz.

По вопросам подключения к конференции и получения дополнительной информации обращаться по телефону +7 (777) 1791052.

Адрес электронной почты местного исполнительного органа для приема замечаний и предложений: dpr@sko.gov.kz

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Сіздер басқа ақпарат құралдарына қарағанда бағасы арзан және тиімді «Soltüstik Qazaqstan» газеті арқылы ата-аналарыңызды, туған-туыстарыңызды, жора-жолдастарыңыз бен әріптестеріңізді:

- туған күнімен;
- мектеп табалдырығын аттауымен;
- үйлену тойымен;
- мерейтойымен;

— зейнет демалысына шығуымен және тағы басқа да қуаныштарымен құттықтап, жеке хабарландырулар бере аласыздар.

Біздің мекенжайымыз: Петропавл қаласы, К.Сүгішев көшесі, 7.

Электронды мекенжайымыз: «kyzylzhar_akparat@mail.ru», тел.: 8 (7152) 50-09-15, 8 777-495-67-90.

Eske alu



Есіл ауданы, Өрнек ауылының тумасы, асқар тауымыз **Айтан Есманұлы Әбілев** көзі тірі болса қараша айының 7 күні 95 жасқа келер еді.

Әкеміздің әқалалық шағы Ұлы Отан соғысы жылдарымен тұспа-тұс келді. Сол қиын шақтардың бар ауыртпалығын бастан кешіп, еңбекке ерте араласты. Ильич атындағы кеңшардың тракторист-комбайнері, бригадирі, Қайранкөл кеңшарының механизаторы, XXV партсъезд атын-

дағы кеңшардың бөлімше басқарушысы болып еңбек етіп, өңіріміздің ауыл шаруашылығы саласының дамуына үлес қосты. Алматы кеңшарындағы техник-үйлестіруші қызметінен құрметті зейнет демалысына шықты.

Анамыз Шәмшия екеуі кіндігінен тараған 8 баласын өсіріп жеткізді. Ол өте еңбеккер, адал, кішіпейіл, ақкөңіл, аса мейірімді еді. Жора-жолдастарының, әріптестерінің арасында абыройлы, беделді болды. Асыл әкеміздің дүниеден озғанына 11 жылдың жүзі өтсе де, сағынышымыз әсте басылмақ емес. Бүгінгі туған күнінде де ардақтымызды жылы естеліктермен еске алып, құран бағыштаймыз.

Сағына еске алушылар: **Рашида-Бексұлтан, Ашамай-Ғалия, Мақсұт-Алма, Какима-Мираш, Шайзада-Орымбек, Гүлия, немерелері, жиендері.**

Солтүстік Қазақстан облысының судьялары мен сот жүйесінің ардагерлері облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Алуа Қуанышбайқызы Қожахметованың анасы

Қиналған ОРАЗАҚҚЫЗЫНЫҢ

дүниеден озуына байланысты орны толмас қазаға ортақтасып, көңіл айтады.